

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН

2020 ж. « 29 » 10 өткізілді

№ 116688-1910-А4 куәлік

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА

« 29 » 10 2020

свидетельство № 116688-1910-А0

БСН/БИН 201040036143



Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру  
комитеті Төрағасының  
2020 жылғы « 08 » қыркүйектегі  
№ 622 бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**«АДАМНЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ ҰЛТТЫҚ ИНСТИТУТЫ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қаласы, 2020 жыл

## 1. Жалпы ережелер

1. «Адамның үйлесімді дамуы Ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 324қбп қаулысы негізінде құрылды.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банк шоттары болады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болады және жүзеге асырады, міндетті атқара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

4. Қоғамның өз атауы бар бланкілері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де реквизиттері болады.

5. Қоғам өз қызметінде Конституцияны, Азаматтық кодексті, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

6. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

7. Қоғамның Құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

8. Акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – «Жалғыз акционер») болып табылады.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сұрақтарды қарайды және шешімдер қабылдайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының немесе Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді, шешімдері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісім бойынша қабылданатын мәселелерді қоспағанда, Жалғыз акционер дербес қабылдайды.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

10. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен Қоғам өзі орналасқан жерден тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы ереже негізінде Қоғамның атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

11. Қоғам өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс алуды көздемейтін және алынған таза табысты Қоғамның Жалғыз акционерінің пайдасына бөлуді жүзеге асырмайтын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қоғам өз қызметін жүзеге асыруға қаражат тарту мақсатында акциялар шығаруды жүзеге асырады, оның кірістері тек қана Қоғамның дамуына және оның қызметкерлері үшін қажетті жағдайлар жасауға пайдаланылады.

## **2. Қоғамның атқарушы органының атауы және орналасқан жері**

12. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Адамның үйлесімді дамуы Ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»;

3) ағылшын тілінде: Non-commercial joint-stock company «National Institute for Harmonious Human Development».

13. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Адамның үйлесімді дамуы Ұлттық институты» КЕ АҚ;

2) орыс тілінде: НАО «Национальный институт гармоничного развития человека»;

3) ағылшын тілінде: NCJSC «National Institute for Harmonious Human Development».

14. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 050043, Алматы қ., Бостандық ауданы, Дарын-1 ы/а, 47-үй.

## **3. Қоғамның құрылтай құжаттары**

15. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

16. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғамның Жарғысымен танысуға құқылы.

## **4. Қоғам қызметінің негізгі насынасы мен түрлері**

17. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім бағдарламасының нәтижелерін білім берудің барлық деңгейінде практикаға енгізу бойынша ғылыми-зерттеу, білім беру және практикалық қызмет, «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім бағдарламасының миссиясын іске асыру - қоғамның орнықты дамуы үшін жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтар мен идеалдар негізінде Қазақстан Республикасының өскелең ұрпағын дамыту Қоғам қызметінің негізгі насынасы болып табылады.

18. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

1. «Ұлттық адамды үйлесімді дамыту институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамын мынадай қызмет түрлерімен құруға келісім берілсін:

1) (мектепке дейінгі, бастауыш, орта, орта техникалық, кәсіби және ортадан кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім; басқарушы кадрлар, сынып басшылары, психологтар, әлеуметтік педагогтар, тәлімгерлер және

мемлекеттік және мекеменшік ұйымдардың басқа педагог қызметкерлері) бағдарлама бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау:

білім беру ұйымдарының педагогтарын сыныптың, мектептің тұтас педагогикалық процесінде «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасына интеграциялануын теориялық-практикалық даярлау;

білім беру ұйымдарының басшыларын мектепте «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын іске асыруға теориялық-практикалық даярлау;

біліктілікті арттыру бағдарламаларын іске асыру үшін тренерларді даярлау.

2) «Өзін-өзі тану» пәні бойынша ОӘК әзірлеу (мектепке дейінгі, бастауыш, орта, орта техникалық, кәсіби және ортадан кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім үшін):

білім беруді ақпараттандырудың жалпыәлемлік үрдістерін ескере отырып, білім берудің барлық деңгейлерінің сапасы мен тиімділігін арттыру, білім беру жүйесінің бағдарламалық-әдістемелік, оқу-әдістемелік және ақпараттық камтамасыз ету, ұлттық білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік негіздердің рөлі мен маңыздылығын күшейту.

3) «Өзін-өзі тану» пәні бойынша (мектепке дейінгі, бастауыш, орта, орта техникалық, кәсіби және ортадан кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім үшін) оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу:

білім беруді ақпараттандырудың жалпыәлемлік үрдістерін ескере отырып, білім берудің барлық деңгейлерінің сапасы мен тиімділігін арттыру, білім беру жүйесінің бағдарламалық-әдістемелік, оқу-әдістемелік және ақпараттық камтамасыз ету, ұлттық білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік негіздердің рөлі мен маңыздылығын күшейту.

4) ел ауқымында «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық сүйемелдеу:

білім берудің пилоттық ұйымында (мектеп/колледж) «Өзін-өзі тану» РАБ бағдарламасының негізінде тәрбие жұмыстарының әдістері мен нысандарын сынап-байқау;

білім берудің пилоттық ұйымында (мектеп/колледж) «Өзін-өзі тану» РАБ бағдарламасының негізінде қосымша білім беру бағдарламаларын сынап-байқау;

білім берудің пилоттық ұйымдары үшін ғылыми-әдістемелік материалдар: негізгі және жалпы орта мектептер педагогтары үшін білім беру саласында «Өзін-өзі тану» РАБ бағдарламасын интеграциялау бойынша әдістемелік ұсынымдар; қосымша білім беруді ұстауда (үйірмелер мен көркем-эстетикалық бағыттағы факультативтер мысалында) «Өзін-өзі тану» РАБ бағдарламасын интеграциялау бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындау;

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша пилоттық білім беру ұйымдарының педагогтары үшін мастер-кластар өткізу;

пилоттық білім беру ұйымдарының педагогтары үшін рухани-адамгершілік білім беру мәселелері жөнінде дәріс оқу;

рухани-адамгершілік білім беру мәселелері бойынша семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер мен конференциялар өткізу;

«Өзін-өзі тану» РАБ бағдарламасының енгізілуіне мониторинг жүргізу: педагогтарға, білім беру мектептерінің оқушыларына, олардың ата-аналарына сауалнама жүргізу, пилоттық ұйымдардың оқу және тәрбие беру қызметін талдау;

өзін-өзі тану педагогтары үшін ғылыми-әдістемелік мақалалар, бейнематериалдар, қашықтықтан оқу курсының материалдарын дайындау;

балалар мен оқудағы жастар үшін өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамыту бойынша мәтіндік, аудио, бейнематериалдарды, интернет-порталда ата-аналар үшін отбасы тәрбиесі бойынша рухани-адамгершілік мазмұндағы материалдарды дайындау мен орналастыру.

5) МЖБС-ның басқа пәндерімен, отбасы тәрбиесімен рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының интеграциясы бойынша бағдарламалар әзірлеу:

мұғалімдерді интеграцияланған бағдарламаны іске асыруға оқыту; нұсқаушы материалдар әзірлеу;

интеграцияланған бағдарламаларды енгізу мониторингі;

білім беру ресурстарын, атап айтқанда оқулықтарды, цифрлық білім беру ресурстарын, оқу құралдарын әзірлеу, сынап-байқау және енгізу.

6) Қазақстанның облыстары бойынша білім беру бағдарламаларының филиалдары мен орталықтарын, «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау бойынша педагогикалық өлшемдер орталығын ашу:

нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды, бағалау әдіснемасын әзірлеу, бағалау құралдарының тиімділігін енгізу, талдау және бағалау.

7) баспахана қызметі:

маркетинг және рухани-адамгершілік білім беру бойынша әдебиеттерді тарату.

8) рухани-адамгершілік білім беру бойынша бейнефильмдер, және телевизиялық бағдарламалар, фонограммалар мен музыкалық жазбалар шығару: медиатека құру.

9) рухани-адамгершілік білім беру бойынша Республикалық кітапхана құру;

10) С.А. Назарбаеваның архивін, мұражайын құру, С.А. Назарбаевамен байланысты оқу залдарының, материалдарды тындау мен карау залдарының қызметі.

11) жоғары білім беру, орта кәсіби білім беру білім беру бағдарламалары, негізгі білім беру бағдарламалары, кәсіби оқытудың негізгі бағдарламалары, қосымша кәсіби бағдарламалар және қосымша білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметі;

12) Институт докторантурасында ғылым докторы оқу дәрежесін алуға ғылыми және педагог қызметкерлердің диссертация дайындауына және Институтқа бекітілген тұлғалардың ғылым кандидаты оқу дәрежесін алуға диссертация дайындауына жағдайлар жасау;

13) білім беру, ғылым және жастар саясаты саласында қоғамдық амңызы бар іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру.

## **5. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері**

19. Қоғамның Жалғыз акционері:

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және Қоғамның Жарғысында қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 3) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерін алуға;
- 4) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында козделген жағдайларда сот органдарына өз атынан жүгінуге;
- 6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 7) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен акцияларды басымдықпен сатып алуға;
- 9) Қоғам акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдауға;
- 10) Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамын қалыптастыруға;
- 11) Қоғамның директорлар кеңесін шақыруды талап етуге;
- 12) аудиторлық ұйымның өз есебінен қаржылық, сондай-ақ Қоғам қызметінің кез келген түріне аудит жүргізуін талап етуге құқылы.

20. Қоғамның жалғыз акционері:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) Қоғамның тіркеушісін және осы акционерге тиесілі акцияларды нақтылы ұстаушыны Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он күн ішінде хабардар етуге;

3) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

## **6. Қоғамның және Жалғыз акционердің жауапкершілігі**

21. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

22. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Жалғыз акционер қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

23. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет өзінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

## **7. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары**

24. Қоғам тек жай акциялар шығаруға құқылы. Қоғамның жай акцияларын шығарудың, орналастырудың, айналысының және өтеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен айқындалады.

25. Қоғамның акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

26. Орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде қоғамның орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

27. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша, мүлкілік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

28. Ақшадан басқа өзге мүлікпен ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

29. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді Қоғамның және оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болмауға тиіс қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады.

30. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу, сондай-ақ уәкілетті органға ол бойынша ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында айқындалады.

## **8. Қоғам Органдары**

31. Қоғамның органдары:

1) жоғарғы орган - Жалғыз акционер;

- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган-Президент;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі болып табылады.

## 9. Қоғамның жалғыз акционері

32. Қазақстан Республикасының заңнамасымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және олар жазбаша түрде ресімдеуге жатады.

33. Жалғыз акционердің шешімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай шешімдер қабылдауға құқығы бар Жалғыз акционердің органы, лауазымды тұлғалары немесе қызметкерлері қабылдайды.

34. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне олар бойынша шешімдер Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша белгіленген тәртіппен қабылданатын мәселелер жатқызылған:

1) жылдық қаржылық есептілікті бекіту және қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу;

2) Қоғамның Жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

3) жарғылық капитал мөлшерінің өзгеруі;

4) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығындарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою.

35. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оны қабылдаған жағдайда оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

5) Әдістемеге өзгерістерді бекіту (әдістемені, егер ол құрылтай жиналысымен бекітілмесе, бекіту) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау»;

6) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау;



7) нәтижесінде Қоғамның құны оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніне Қоғамның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәміле жасасуы туралы шешім;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

36. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды Директорлар кеңесі және/немесе Президент жүзеге асырады.

37. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шешімдерді қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

38. Егер Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

## 10. Қоғамның Директорлар кеңесі

39. Директорлар кеңесі заңмен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Егер Заңда және (немесе) Қоғамның жарғысында өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау, Қоғамның даму жоспарын бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Қоғамның ұйымдық құрылымы мен штат санын бекіту;

6) Президенттің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

7) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы берудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын

мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

9) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Президент қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

10) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

11) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

12) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

13) қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алу (иеліктен шығару) туралы шешім қабылдау;

14) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

15) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

16) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

17) ірі мәмілелерді жасау туралы шешімді осы Жарғының 35-тармағының тармақшасына және 59-тармағына сәйкес Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

18) заңнамада және (немесе) қоғамның жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

40. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Президентке шешу үшін берілмейді.

41. Директорлар кеңесінің Қоғамның Жарғысына сәйкес Президенттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

42. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің әлеуетті қақтығыстарын лауазымды тұлғалар мен жалғыз акционер деңгейінде, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыру.

43. Президент Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

44. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 адамды құрайды. Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

45. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің шешімімен айқындалады. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесін сайлау жүргізілетін шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

46. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы шешім қабылдаған күні аяқталады.

47. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

48. Егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі мұндай мүшесінің өкілеттігі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

49. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

1) Директорлар кеңесіне басшылық жасауға жауап береді және оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді;

2) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

4) отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады;

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің тиімді жұмысын және директорлар кеңесі мүшелері мен қоғам президенті арасындағы сындарлы қатынастарды қамтамасыз етеді;

6) Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін, еңбек және әлеуметтік қолдау шарттарын белгілей отырып, Қоғам атынан Президентпен еңбек шартын жасасады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген өзге де қызметтерді орындайды.

50. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның қызметтерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша (Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші) Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

51. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Президентінің бастамасы бойынша не:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;

3) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

4) Жалғыз акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

52. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Президентке жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Президент шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып, өткізіледі.

53. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламалар отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты және орны, оның күн тәртібі туралы мәліметтер, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшесінің мүмкін болған жағдайда, ол отырысқа жеке қатыса алмайтын жағдайда, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беру түсіндірмесі болуға тиіс.

54. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің көзбе-көз отырысына бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференцбайланыс («телефон кеңесі» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып, қатыса алады.

55. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесі төрағасының рұқсатымен сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған бұл рұқсат Директорлар кеңесінің жазбаша шешімдерінде көрсетіледі.

56. Директорлар кеңесінің отырысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу туралы жазбаша хабарламаларға сырттай дауыс беруге арналған бюллетень қоса беріледі, ол бірыңғай нысан бойынша Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне беріледі.

Сырттай дауыс беруге арналған Бюллетень мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) толтырылған және қол қойылған дауыс беру бюллетенін ұсынудың соңғы күні;
- 4) дауыс беруге қойылған нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе (сұрақтар) ;
- 5) «иә», «жоқ», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары.

57. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің Төрағасын күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатысуының мүмкін еместігі туралы хабардар етуге міндетті. Отырысқа

катыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлама арқылы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы. Мұндай жазбаша хабарламада осы Жарғының 54-тармағында көрсетілген мәліметтер болуы тиіс.

58. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрайды және бейнеконференцияны (интерактивті аудиовизуалды байланысты), конференцбайланысты «телефон кеңесі» режимінде Директорлар кеңесі мүшелерінің бір мезгілде сөйлесуі) пайдалануды ескере отырып, сондай-ақ өзге байланыс құралдарын пайдалана отырып, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін ескере отырып (олардың жазбаша түрде айтылған дауыстары болған жағдайда) анықталуы мүмкін.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті.

59. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар Кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

60. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Заңда және Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы. Егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің Заң және Жарғының талантарын бұза отырып қабылдаған шешіміне сотта дау айтуға құқылы.

61. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасуы туралы шешім, мұндай мәміленің үлгі шарттарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда, Директорлар кеңесі оның жасалуына мүдделі емес мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

62. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен корпоративтік хатшы қол қоюы, сондай-ақ Директорлар кеңесінің төрағасы мен корпоративтік хатшысы қол қоюы тиіс:

- 1) қоғамның атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған адамды (органды) көрсету;

- 5) отырыстың күн тәртібі;
  - 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазба;
  - 7) дауыс беруге қойылған мәселелер және директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
  - 8) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.
- Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол осы шешім қабылданған бюллетеньдермен ең қоса Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.

63. Жасалуына мүдделілік бар мәмілені, егер Қоғам мүдделі болса, Жалғыз акционермен:

- 1) Егер Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса;
  - 2) шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауына байланысты Директорлар кеңесінің осындай мәмілені жасасу туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаған жағдайларда қабылданады,
- Бұл ретте Жалғыз акционерге негізделген шешім қабылдау үшін қажетті акпарат (құжаттарды қоса бере отырып) беріледі.

64. Көзбе-көз тәртіппен өткізілген отырыста қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелері мен корпоративтік хатшы жасауға және оған қол қоюға тиіс және олар мынадай болып табылады:

- 1) отырыстың толық атауы және өткізілетін орны;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

65. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер қоғамда сақталады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Хаттама мен шешімдердің өз қолымен және қоғамның мөр бедерімен расталған үзінділерін осындай талап алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беруге міндетті.

66. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін директорлар Кеңесі жанынан тұрақты жұмыс істейтін комитеттер құрылуы мүмкін.

Аса маңызды мәселелерді карау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кеңесі жанынан тұрақты жұмыс істейтін комитеттер құрылуы мүмкін.

Комитеттер Директорлар кеңесінің шешімі бойынша құрылады. Комитет құрамына нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті білімі бар мамандар іріктеледі.

## 11. Президент

67. Ағымдағы қызметке басшылықты Президент жүзеге асырады.

68. Президент Заңмен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша, оның ішінде:

1) Жалғыз акционердің мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және еңбекақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, корпоративтік хатшыны және Қоғамның Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақылардың мөлшерін айқындайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам атынан мәмілелер жасайды;

6) Қоғамның штаттық саны мен ұйымдық құрылымын әзірлейді және Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады;

7) қоғамның штаттық кестесін бекітеді;

8) Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті шешімдер қабылдайды және нұсқаулар береді;

9) Директорлар кеңесіне Қоғамның даму жоспарларын және олардың орындалуы туралы есептерді бекітуге ұсынады;

10) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

11) Қоғамға тиесілі барлық активтердің он пайызына дейін құрайтын сомада активтердің бір бөлігі мен бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдайды;

12) Қоғамның ұйымдық бірліктері (құрылымдық бөлімшелері) туралы ережелерді, сондай-ақ Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында

қабылданатын және директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын өзге де құжаттарды бекітеді;

13) тауар белгілерінің, қызмет көрсету белгілерінің және Қоғам рәміздерінің үлгілерін бекітеді;

14) Қоғамның ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

15) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

16) Қоғамның банктік және басқа шөттарын ашады;

17) Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

69. Президенттің шешімдері бұйрықтармен немесе өкімдермен ресімделеді.

70. Егер мәміле жасасу кезінде тараптар осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, Қоғам Президент белгілеген шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамдылығына дау айтуға құқылы.

71. Президент өзіне жүктелген міндеттерді адал орындауы және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдалануы тиіс.

72. Президенттің өзге де функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, сондай-ақ аталған адамның Қоғаммен жасасатын еңбек шартымен айқындалады.

## **12. Қоғамның ішкі аудит қызметі**

73. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

74. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің құрамына және Президент болып сайлана алмайды.

75. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

76. Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру тәртібін, мөлшері мен шарттарын Директорлар кеңесі бекітеді.

## **13. Қоғамның қаржылық есептілігі және аудиті**

77. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына, Қоғамның Президенті бекітетін халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

78. Жылдық қаржылық есептілік мыналарды қамтиды: бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығыстар туралы есеп, қаржылық жағдай туралы есеп,



жиынтық кіріс туралы есеп, акша қозғалысы туралы есеп, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

79. Қоғам президенті жыл сайын Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті оны бекіту үшін ұсынады. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін Қоғамның Директорлар кеңесі оны Жалғыз акционердің қарауына шығару күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

#### **14. Қоғамның Жалғыз акционерінің және лауазымды тұлғаларының аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсыну тәртібі**

82. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

81. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды, қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы аффилиирленген мәліметтер пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға табыс етуге міндетті.

82. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ұсынуға міндетті.

#### **15. Қоғамға ақпарат беру тәртібі**

83. Қоғам Заңға және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.

Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат деп танылады;

1) Жалғыз акционер мен Президент қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Қоғамның акциялар шығаруы және уәкілетті органның Қоғам акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғам акциялары шығарылымын жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасауы;

4) Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру;

5) Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

6) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға бұрын алған лицензияларының іс-әрекетін тоқтата тұру немесе тоқтату;

- 7) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;
  - 8) Қоғам мүлкіне тыйым салу;
  - 9) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;
  - 10) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауаптылыққа тарту;
  - 11) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;
  - 12) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;
  - 13) осы Жарғыға, сондай-ақ Қоғамның акцияларын шығару проспектісіне сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар.
84. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты беру «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қоғамның осы Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.
85. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.
86. Қоғамның оның қызметіне қатысты құжаттарын Қоғамның орналасқан жері бойынша немесе Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге жерде Қоғамның өзінің қызметінің бүкіл мерзімі ішінде сақтауы тиіс.
87. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген құжаттардың көшірмелерін Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

## **16. Қоғамның мүлкі. Қоғам мүлкін қалыптастыру көздері**

88. Қоғамның мүлкі:
- 1) Құрылтайшының Қоғам акцияларын төлеуге берген мүлкі;
  - 2) ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар;
  - 3) заңнамада белгіленген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатудан түсетін түсімдер (кіріс);
  - 4) акциялар мен салымдар (депозиттер) бойынша алынатын дивидендтер (кірістер, сыйақылар (мүдделер));
  - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлікті;
  - 6) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер есебінен құралады.
89. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
90. Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін) Қоғамның иелігінде қалады және Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен Қоғамды дамытуға пайдаланылады.

## 17. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

91. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

92. Таратылған Қоғамның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен республикалық меншікке беріледі.

Таратылған Қоғамның несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы, Қоғамның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі.

93. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

## 18. Қорытынды ережелер

94. Қоғам өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

95. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болады және оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Айналысуға рұқсат алу қажет болатын қызмет саласындағы заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі осындай рұқсатты алған кезден бастап туындайды және оны алып қойған, қолданылу мерзімі өткен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады.

96. Қазақстан Республикасының заңнамасында Қоғамның Жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажеттілігіне әкеп соғатын өзгерістер және/немесе толықтырулар болған жағдайда Жарғыға тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгенге дейін заңнама нормалары қолданылады.

97. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен оны мемлекеттік тіркеген күннен бастап күшіне енеді.


Төраға



Б. Тәшенов

УТВЕРЖДЕН

приказом Председателя  
Комитета государственного  
имущества и приватизации  
Министерства финансов  
Республики Казахстан  
от «08» октября 2020 года  
№ 622



**УСТАВ  
НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНСТИТУТ ГАРМОНИЧНОГО РАЗВИТИЯ  
ЧЕЛОВЕКА»**

г. Алматы, 2020

## 1. Общие положения

1. Настоящий Устав некоммерческого акционерного общества «Национальный институт гармоничного развития человека» (далее – Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Общество создано на основании постановления Правительства Республики Казахстан от 27 мая 2020 года № 324дсп «О создании некоммерческого акционерного общества «Национальный институт гармоничного развития человека».

3. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.

4. Общество имеет бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

5. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее – Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

6. Срок деятельности Общества не ограничен.

7. Учредителем Общества является Правительство Республики Казахстан, в лице Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан.

8. Органом, осуществляющим право владения и пользования государственным пакетом акций является Министерство образования Республики Казахстан (далее – «Единственный акционер»).

Единственный акционер рассматривает вопросы и принимает решения по вопросам, отнесенным к компетенции общего собрания акционеров в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Решения по вопросам, отнесенным законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом к компетенции общего собрания акционеров или единственного акционера, принимаются Единственным акционером самостоятельно, за исключением вопросов, решения по которым принимаются по согласованию с Комитетом государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан.

9. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

10. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими

лицами и действующие от имени и по поручению общества на основании Положения о них.

11. Общество является некоммерческой организацией не преследующей в качестве основной цели своей деятельности извлечение дохода и не осуществляющей распределение полученного чистого дохода в пользу Единственного акционера общества.

Общество осуществляет выпуск акций с целью привлечения средств на осуществление своей деятельности, доходы которого используются исключительно на развитие Общества и создание необходимых условий для его работников.

## **2. Наименование и место нахождения исполнительного органа Общества**

12. Полное наименование Общества:

1) на государственном языке: «Адамның үйлесімді дамуы Ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) на русском языке: Некоммерческое акционерное общество «Национальный институт гармоничного развития человека»;

